



Әли БЕКТАЕВ, ҚР Парламент Сенатының депутаты:

АУЫЛДЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫ ТАРАУДЫҢ АЛДЫНДА ТҰР

5-бет

ЗАҢ

✉ zangazet@mail.ru

№12 (3440) 11 ақпан 2022



газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚОҒАМДЫҚ КОМИССИЯЛАР АҚИҚАТТЫ АШУҒА АТСАЛЫСУДА



Елдегі қаңтар трагедиясынан кейін оқиғаның себебі мен салдарын зерттеп, зерделеу мақсатында бірнеше қоғамдық комиссия құрылған еді. Бүгінгі таңда комиссия мүшелері қаңтардағы қасіретті оқиғаның ақиқатын ашуға, жөбір көрген, азапталған азаматтардың аты-жөнін анықтап, оларға құқықтық көмектер көрсетуге, әділетсіз айыпталып, негізсіз қудалауға ілініп кеткендерді арашалауға белсене кірісіп кетті.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



КЕЗ КЕЛГЕН ЗАҢ
ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

4-бет



ҮМІТ ПЕН КҮДІК

8-бет

МӘСЕЛЕ

СПОРТ ИНДУСТРИЯСЫ НАРЫҒЫНДА БІЗ ӘЛІ ТҰТЫНУШЫМЫЗ

Спорт индустриясы нарығының көлемі оның ауқымы мен құрамына сәйкесінше салалардың түріне қарай дерек көздерінде әртүрлі бағаланып, көрсетіліп жүр. Мәселен, спорт құралдары мен киім-кешектің өзі ғана 100-150 млрд доллар аралығында деп бағалануда. Ал оның 60 пайызы спорттық құрал-жабдықтың, 40 пайызы киімнің, 20 пайызы аяқ киімнің үлесіне тиеді екен. Егер бұған оларды жалға беру мен спорттық және өзге де ойын-сауық шараларын ұйымдастыру қызметтерін қосатын болсақ нарықтың ауқымы тағы да еселеп артары күмәнсіз.

Мәселен, ұлттық статистика бюросының мәліметіне қарағанда, 2021 жылдың бірінші тоқсанында алдыңғы жылдың сәйкес уақытымен салыстырғанда спорт саласындағы демалыс пен көңіл көтеруді ұйымдастыру көлемі, 84,6 млрд теңгеден 48,3 млрд теңгеге дейін 2 есеге жуық азайды. 2019 жылдың қаңтар-наурыз айларымен салыстырғанда 2020 жылы дәл осы уақытта ол 70 пайыздай жоғары болғанын ескерсек, коронавирус індеті нарықтың дамуына айтарлықтай кері әсер еткенін аңғару қиын емес. Атап айтқанда, былтыр 1 тоқсанда алдыңғы жылдың сәйкес уақытымен салыстырғанда фитнес-клубтар қызметі көлемі 2,5-тен 9 млрд тең-

геге өскенімен, спорт клубтарының қызметі 7,2-ден 4,9 млрд, спорттық нысандарды іске қосу 4,8-ден 4,1 млрд, спорт саласындағы өзге қызметтер 48,3-тен 9,4 млрд теңгеге дейін кеміді.

Қытай қалай әлемдік көшбасшыға айналды?

Әлемнің дамыған елдерінің бәрі салауатты өмір салтын ұстану мен бұқаралық спорттағы оң үдерісті ескере отырып, спорт индустриясын ел экономикасын дамытудың басты бағытына айнал-

дыруға күш салуда. Мәселен, Бейжіңдегі XXIV қысқы Олимпиада ойындарына дейін елдің 300 млн тұрғынын қысқы спорт түрлеріне тартуды алдарына мақсат етіп қойған Қытай билігі, бұл бағыттағы өз бағдарламасының мерзімінен бұрын жүзеге асқанын жариялады. Бұл үрдіс олардың 2015 жылы 2022 жылғы қысқы Олимпиада ойындарын өткізу құжын жеңіп алуынан кейін жоғары қарқынмен жүрді. Қысқы спортпен тұрақты айналысушылар санын арттыру үшін ғылыми түрде зерттеліп, негізделген кешенді бағдарлама нәтижесінде әлемдегі брендтік спорттық құрал-жабдықтар мен киім-кешек өндірушілерінің бәрі онда өз өндіріс орындарын ашты. Соның нәтижесінде қысқа уақытта спорттық киім-кешек пен жабдықтарды импорттаудан экспорттаушыға айналған Қытай әлемдік спорт индустриясының көшбасшысына айнала бастады. Бүгінде ол ең ірі ойыншы ретінде бүкіл нарықты алға сүйреуде. Қытайдың туризм академиясының есебіне қарағанда, 2020-2021 жылдары таушаңғысы курорттарына келушілер саны 230 млн адамды құраған.

(Соңы 3-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Талғат ОМАР,
доғарыстағы судья:

«ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЗАҢСЫЗДЫҚТЫ АРТТЫРУЫ МҮМКІН»

– Талғат Омарұлы, республикада 21 соттың қысқартылып, бір-біріне қосылатыны белгілі болып отыр. Судья болып ұзақ жыл қызмет атқарып, сот саласының қыр-сырын терең меңгерген жап ретінде бұл бастамаға көзқарасыңыз қалай?

– Оңтайландыру шенеуніктердің соңғы кезде жиі қолданатын сөзінің біріне айналды. Бұл шара оң нәтижесін беріп жатса әңгіме жоқ. Өкінішке қарай, көп жағдайда алды-артын сараптап, екшеп алмай оңтайландыру, жұмысты жөндеудің орнына кері кетіріп жатады.

(Соңы 4-бетте)

БАСТАМА

ОҢ ҚАДАМ

СОТТАРДЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІНІҢ БЕЛГІЛЕНУІ – ЗОР МӘРТЕБЕ

ІЗГІЛІК АҚТІСІ

Әділдік – мемлекеттегі тұрақтылық пен татулықтың, тыныштықтың негізі. Ал әділдіктің орнығуы сот жұмысының сапасына, тазалығына тәуелді.



Мемлекеттің бас құжаты саналатын Конституцияның жетінші бөлімі соттар мен сот төрелігіне бағытталған. Ата Заңның 75-бабында айшықталғандай «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады».

салалық мерекесін де атап өтіп жатады. Өкінішке орай, бүгінгі күнге дейін судьялар мен сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ескерілмеді.

Соған орай әріптестеріміз 30 тамыз Конституция күнінде бір-біріне жылы сөз арнап, осы күнді мереке ретінде қабылдады. Тіпті, арнайы мерекелік дата белгілегенде 30 тамызды ұсыну керек деп пікір білдірушілер де болды.

дамытуға, зандылықты қамтамасыз етуге, жеке адамның құқығы мен заңды мүддесін қорғауға қосқан үлесі үшін сот қызметкерлеріне құрмет деп атасақ ақиқаттан алыстай қоймаймыз. Әрі дәл осы 24 маусымды «Сот және сот қызметкері күні» кәсіби мерекесі деп қалыптастырудың өзіндік мәні бар.

Әрине, адам тағдырына төрелік ету оңай жұмыс емес. Қателесуге құқығы жоқ екі мамандықтың бірі дәрігер болса, екіншісі сот екені мәлім. Өйткені, екеуінің қатесі адам өмірін бүлдіруге ықпалды.

Шынында ақ халатты абзал жандардың да, ұлағатты ұстаздардың да, полиция, прокуратура, әділет органдарының да төл мерекесі бар. Керек десеніз, медицина мамандары мен полиция қызметкерлерінің қызмет еткен саласына қарай арнайы мерекелік датасы да белгіленген.

Теориялық тұрғыдан бұл да дұрыс бастама еді. Көпшілік арасында үнемі талқылау тақырыбына айналған өзекті мәселе жақында ресми түрде шешімін таппақ.

Сот қызметкерлері күнін арнайы белгілеу конституциялық негіздерді

Қазір бұл құжат қоғамдық талқылау үшін «Ашық НҚА» сайтында жарияланып отыр. 21 ақпанға дейін қызу талқыдан өткен бұл ұсыныс көпшілік тарапынан қолдау табады деп сенеміз.

Мақсат САДЫҚОВ, Алматы облысы №2 мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Қазақстанның құқық қорғау жүйесін реформалауда заң үстемдігін қамтамасыз ету үлкен басымдыққа ие. Соңғы бірнеше жылдықта қылмыстық қудалау жүйесін жаңғыртудың базалық бағыты жетілдірілді.

Жалпы, заңдарды ізгілендіріп, түрме халқының санын азайту мен сотталғандардың жазасын кешірудің тағы бір жолы – рақымшылық жасау.

Айта кетерлігі, рақымшылық заңы террористік, экстремистік қылмыстар мен азаптаулар жасаған; қылмысты қайталап жасағандар; өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалған; қылмысты топ боп жасаған;

Бұл заңда бұған дейінгі сегіз рақымшылық заңымен салыстырғанда жазадан босатылатын адамдардың санаты кеңейген. Яғни, қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдар, залал келтіруге әкеп соқпаған не оны толық өтеген немесе ол бойынша азаматтық талап қойылмаған ауырлығы орташа қылмыс жасаған адамдар,

Тәуелсіздік жылдарындағы рақымшылық акциялары нәтижесінде жалпы саны 53 862 сотталған бостандыққа шықты, 10 926 сотталғанның жаза мерзімі кемітілді.

Қылмыстық-процестік кодекстің 476-бабының 15-тармағына сәйкес, амнистия жасауға қатысты соңғы шешімді сот жеке-жеке қабылдайды.


Азаматтар мен мемлекет қауіпсіздігіне қауіп төндірмейтін қылмысы үшін жауапқа тартылғандарға және жоғарыда атап өткендей, әлеуметтік жағынан осал топтарға рақымшылық жасау мемлекет үшін де, сотталғандар үшін де әрі сабақ, әрі тиімді әрекет болады деп білеміз.

Б.ШАЙДУЛЛИН, Ақтау қалалық сотының төрағасы

БЕЗБЕН

ХАБАРЛАМА

БІТІМ – КЕЛІСПЕУШІЛІКТІ ЖОЮДЫҢ ЕҢ ҚОЛАЙЛЫ ӘДІСІ



КӨКЖАЙЛАУ ҰЛТТЫҚ ПАРККЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Сот ісінде қос тарапты риза ететіндей заңды шешім табу өте қиын. Осы жағдайдан шығудың бір жолы – бітімгершілік келісім жасасу.

келісімнің шарттарын бекіту туралы арыздың түпнұсқасын осы келісімді бекіткен сот іс материалдарына қоса тіркейді. Келісім бекітілгенге дейін сот талап қоюшыға, жауапкерге немесе тараптарға тиісті процестік әрекеттердің салдарын түсіндіреді.

тері басқа адамдардың құқықтарын алдын ала бұзуға жол бермейді, сондай-ақ, бітімгершілік келісім шарттарының заңдылығына ықпал етеді. Келісімнің шарттарына іске қатысты үшінші тұлғалар да қол қоюға тиіс.

Істі мәні бойынша қарауды бастаған сот тараптарға құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді. Оның ішінде сот тараптарға татуласу рәсімдерімен дауды қысқарту құқығын жеке түсіндіреді және тараптардың істі бітімгершілік келісіммен аяқтауға қатысты пікірін анықтайды.

Сот тараптардың бітімгершілік келісімді бекіту туралы өтінішін сөзсіз қабылдауға құқылы емес. Келісім жасасу тараптардың кез келген басқа өкімдік іс-әрекеті сияқты, соттың бақылауымен жүзеге асырылады, ол тараптар ұсынған татуласу келісімі заңға қайшы келмейтінін, оның басқа адамдардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбайтынын әр кезде тексеруге тиіс, көрсетілген мән-жайлар болғанда сот бітімгершілік келісімді бекітуден бас тартуға тиіс.

Татуласу келісінде міндеттемелерді орындау шарттары, мөлшері және мерзімдері туралы тараптар келіскен мәліметтер қамтылуға тиіс. Шарттар нақты көрсетілуі керек. Егер сот бітімгершілік келісімнің шарттары үшінші тұлғалардың құқықтарын, мүдделері мен бостандықтарын бұзады деген қорытындыға келсе, ол бітімгершілік келісімнің шарттарын бекітуден бас тарту туралы ұйғарым шығарады және істі мәні бойынша қарауды жалғастырады.

Әдетте, сот талқылауының басында тараптар бұған өте сирек дайын болады. Бітімгершілік келісімнің шарттары сот процесінде дәлелдемелерді зерттеу барысында қалыптастырылуы мүмкін.

Өзінің іс жүргізу мәні бойынша бітімгершілік келісімді бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы сот ұйғарымы сот шешіміне теңестіріледі. Татуласу келісімін оны жасасқан тұлғалар ерікті түрде және көзделген мерзімде орындайды. Ерікті түрде орындалмаған татуласу келісімі тараптың өтініші негізінде сот берген ақпау парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Татуласу келісімін тараптар міндетті түрде жазбаша нысанда жасасуы және оларға өздері немесе олардың өкілдері қол қоюы тиіс.

С.ЖУМАШКИНА, Хромтау аудандық сотының судьясы АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің баспасөз қызметі таратқан хабарламаға қарағанда, ҚР Үкіметінің қаулысымен Алматы қаласының Медеу ауданы Көкжайлау шатқалындағы 1002,0 га жер учаскесі «Іле Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне қайтарылды.

«Іле-Алатауы» ұлттық паркіне қарасты 1002,0 гектар жер учаскесі 2014 жылғы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар санатынан «Көкжайлау» курортының құрылысы мен жұмыс істеуі үшін Алматы қаласы Медеу ауданының қосалқы жер санатына ауыстырылған болатын.

Е.КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МӘСЕЛЕ

ҚОҒАМДЫҚ КОМИССИЯЛАР АҚИҚАТТЫ АШУҒА АТСАЛЫСУДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Ақиқат» қоғамдық комиссиясына белгілі заңгер, құқық қорғаушы Айман Омарова жетекшілік етсе, «Аманат» ұйымын заңгер, адвокат Абзал Құспан басқарады. Екі комиссияның да құрамына белгілі құқық қорғаушылар, қоғам белсенділері мен қылмыстық іс жүргізу бойынша маманданған заңгерлер енген.

«Біз тәуелсіз қоғамдық комиссиямыз. Комиссия тек жәбірленушілерді, полицияны, соққыға жығылғандарды ғана тексеріп, зерттемейді. Қазақстанда неге осындай қанды оқиға болды? Осыған баса назар аударамыз. Түгел зерттейміз. Комиссия құрамында қорғаушылар болады, олардың барлығы тәжірибелі, қылмыстық істі қарайтын қорғаушылар. Комиссия мүшелерінің тізімі бар. Бірақ, олардың кім екенін қауіпсіздік үшін жарияламаймыз», – дейді Айман Омарова.

«Аманат» комиссиясы қайда, не істеп жатыр дерсіздер, олай деуге толық құқылысыздар. Біз Талдықорған қаласынан кейін Таразда жұмыс істеп, кеше Шымкент қаласына келдік. Талдықорғанда біз босатуды ұсынған 9 кәметке толмаған балаларды босатқанын естіп, қуанып қалдық.

Біздің ықпалымызбен босаған адамдардың жалпы саны 100-ге жуықтаған болуы керек, қазір тізімді

қарап, ретке келтіруге де мұршамыз болмай кетті.

«Семей, Өскемен жағында біздің бір өкіліміз Ерлан Калиевтің жұмыс істеп жатқанына бір аптадай болды. Бүгін ол жақтан да жағымды жаңалықтар болып қалады деп отырмыз. Біздің тарапымыздан тек жекелеген адамдарды босату бағытында ғана емес, республикалық органдарға нақты ұсыныстар мен аналитикалық материалдар да жолдануда. Сәл қолымыз қалт еткенде ол жұмыстарымыз туралы да хабарлар ететін боламыз» – дейді заңгер Абзал Құспан.

«Ақиқат» қоғамдық сараптау комиссиясы да азаматтардың құқығының бұзылмауын бақылау, анықтау мақсатында үздіксіз жұмыс істеуде. Комиссия өздерінің жұмыс нәтижелерін әлеуметтік желілердегі тікелей эфирлер, БАҚ материалдары негізінде жариялап, қоғаммен тығыз қарым-қатынас жасап отыр. Мәселен, 9 ақпан күні комиссия жетекшісі көпшілік алдына тікелей эфирге шығып, Алматы қаласындағы тергеу изоляторында отырған үш студенттің жайы мен Алматы қаласы, одан бөлек өзге облыстардағы прокуратура қызметкерлерінің жұмыстары жайлы баяндады. «Комиссия Алматыдағы ЛА155/18 тергеу изоляторында отырған үш студенттің митингіге мәжбүрлі түрде біреулердің күштеуімен қатысқанын анықтады. Бұл жерде мәжбүрлі эк-

стремизм болуы мүмкін. Прокуратура олардың ата-аналарына қоғамдық қорғаушы ретінде қатысуға рұқсат беріпті. Біз жедел шешім қабылдаған прокуратура өкілдеріне өз тарапымыздан рақмет айтамыз. Енді біз оларға қатысты бұлтартпау шараларын өзгертулерін сұраймыз, оларды ұйқамалқа шығарса дейміз. Соттың қалай шешілетіні әлі белгісіз. Бұл мәселе прокуратурада қарастырылып жатыр, ол туралы мәліметті біз алдағы уақытта тағы қосымша хабарлаймыз.

Қарапайым халық тарапынан прокуратураға қатысты шағым, өтініш, талап-тілектер көп. Өсіресе, Семей, Өскемен, Шымкент қалалары мен Жамбыл, Атырау облыстарының прокуратуралары жұмыс істемей жатыр деп жылап жатқан халық көп. Біз Бас прокурордан осы жағдайларға назар аударуын сұраймыз, – дейді. Одан бөлек, комиссия Еуропа Одағының Орталық Азия жөніндегі арнаулы өкілдерімен кездескен.

Білік, мемлекеттік басқару, жергілікті атқарушы билік тарапына қатысты қоғамдық наразы көңіл-күйдің көптігі жасырын емес. Сол себепті де, ол жағдайлардың әрқайсысының себеп салдарын анықтап, ашық диалог алаңында пікірлесу маңызды. Бұл міндетті бүгін аталмыш комиссиялар абыроймен атқаруда.

Жалыра ҚУДАЙБЕРГЕН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, қысқы спорт түрлері саласына салынған инвестиция көлемі 3 жылда 140 млрд доллардан асқан. 2014 жылы бастап жыл сайынғы дәстүрлі шараға айналған Бүкілқытайлық қар мен мұздың бұқаралық маусымы қысқы спорт түрлерін дамыту мен насихаттауға серпін беруде. Оған қатысушылар саны 2014–2021 жылдары 10 млн-нан 100 млн-ға дейін өсуі соның көрінісі.

Ал демографиялық өсімі шектеліп, халық қартайта бастаған АҚШ пен Еуропа елдері 2008 жылы басталған әлемдік дағдарыстан әлі ес жия алмауд. Өз тұты-

айналымын 5 млн долларға жеткізген еді. Бұрын ірі компаниялардың тапсырысы бойынша бір адамдық топтамасы 80-120 мың теңге тұратын арнайы киім-кешектерді өндіріп келген серіктестік 2015 жылдан бастап 15-25 мың теңгенің эконом сыныптағы киімін өндіруге мәжбүр бола бастады. Жыл сайын спорттық тауарлар нарығы 15-20 пайызға дамып келе жатқан және жалпы көлемі 1-4 млрд доллар аралығында деп бағаланатын Ресейдің нарығына қазақстандық брендті насихаттап жүрген өндірушіге мемлекет тарапынан 15 жылда еш қолдау болған жоқ.

Қыс басталысымен ауыл болсын, қала болсын әрбір отбасы өз мүмкіндігіне қарай демалысты қызықты өткізуге тырысады.

СПОРТ ИНДУСТРИЯСЫ НАРЫҒЫНДА БІЗ ӘЛІ ТҰТЫНУШЫМЫЗ

нушысынан айырыла бастаған соң бизнесін Азия елдеріне қарай ойыстырған олардың инвестициялық әлеуеті өз экономикасына тиімді пайдаланылуда Қазақстан үкіметінің эзирге сөзі мен ісі қабыспай отыр. Мәселен, ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 242 қаулысымен бекітілген «Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарда» жергілікті бюджеттен (мың теңгемен) жалпы білім беретін мектептерді спорттық мүкәммалмен және жабдыктармен (жүгіру жолдары, кофункционалды алаңдар – қысқы мұз айдындары және жазғы футбол алаңдарын қамтамасыз етуге 2021 жылы – 581 400, 2022 жылы – 566 800, 2023 жылы – 589 000, 2024 жылы – 609 200, 2025 жылы – 632 700 теңге қарастырылған. Ал ауылдық және қалалық елді мекендерде жаздық спорт ғимараттарының желісін дамытуға 2021 жылы – 6 203 100, 2022 жылы – 5 371 800, 2023 жылы – 5 302 500, 2024 жылы – 4 834 000, 2025 жылы – 5 625 800 теңге қарастырылған.

Біреулер тау-шаңғысы курорттарын, екіншілері мұз айдындарын жағаласа, үшіншілері табиғат аясында серуендегенді жөн санайды. Бұл үшін шамасына қарай әркім қар мен мұзда сырғанау үшін шаңғы, коньки, шана, үрлемелі балондарды арнайы орындардан сатып не жалға алады. Спорттық жабдыктар мен арнайы киім-кешектің жалға алу бағасы 2 мың теңгеден басталып, топтамаға кіретін тауардың жаңа не көнелігіне және сапасына байланысты 10-15 мыңға дейін жетеді. Біреулер жылына, екіншілер айына, үшіншілер аптасына бір рет қана сырғанауға баратын болғандықтан көпшілігі оны сатып алғаннан, қажет кезде жалға алып тұрғанды жөн көреді. Қазір жасыратыны жоқ, елімізде жүгіру шаңғысы мен тау шаңғысын өндіретін кәсіпорындар жоқ. Дегенмен, соңғы жылдары сапасы жағынан да, бағасы жағынан да импорттық өнімнен еш кем түспейтін өз елімізде тігілетін спорттық киім-кешектің қатарына шана мен үрлемелі балон сияқты спорттық құрал-жабдыктар сауда орындарында бой көрсете бастады. Алайда сатушылардан да, сатып алушылардан да он бағаға ие болып отырған бұл өнімдердің насихаты еш жерде жүргізілмейді. Сондықтан кейбіреулер тіпті қазақстандық өнім дегенді естісе, әлі күнге дейін оған күмәндана қарайтыны жасырын емес. Егер отандық өндірісті қолдап, жұмыс орнын көбейтеміз десек мемлекет оларды насихаттауды өз қолына алуы керек қой. Өзімізден өзгенікін зор санаудан осы уақытқа дейін ұтқанымыздан ұтылғанымыз көп болды ғой. Алматыруға болатын импорттық өнімдер тізімін кеңейтіп, отандық өндірушіні қолдауда сөзден іске көшу «халық үніне құлақ асатын мемлекетте» жүзеге асатын іс.

Өзгенікін зор санаудан қашан арыламыз?

ҚР Президентінің 2015 жылғы жарлығымен бекітілген Қазақстанда дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында: халықты дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылдануға тартудың орташа көрсеткіші 35%-ға дейін ұлғаяды; отандық спорттың танымал брендтері қалыптастырылады деп жоспарланған болатын. Алайда, саусақпен санарлық бұл брендтердің ішкі нарықтағы үлесі өте төмен. Олар көп жағдайда мекемелер мен ұйымдар тарапынан жасалатын корпоративтік тапсырыспен ғана күн көруде. Мәселен, еліміздегі тұңғыш спорттық киім-кешек бренді саналатын «ZIBROO» тауар белгісінің өндірушісі «КазСПО-Н» ЖШС-і 2015 жылға дейін 7 жыл бойы жылына 30 пайыздық өсімге қол жеткізіп,



Маман пікірі:

Елена СЕЧНИКОВА, Қазақстандағы спорттық киімдердің тұңғыш бренді саналатын «ZIBROO» иесі, «КазСПО-Н» ЖШС бас директоры:

– Менің Қазақстанда киім өндірумен айналысып келе жатқанымға 25 жыл болды. Бүкіл жауапкершілікпен мәлімдей аламын, ширек ғасырдың ішінде жеңіл өнеркәсіп саласын қолдауды ешқашан байқамадым. Жеңіл өнеркәсіп қауымдастығы, жеңіл өнеркәсіп одағы тарапынан жасалған саланы дамыту бағдарламасының бірде-бір пункті қабылданған да, орындалған да жоқ. Соның нәтижесінде бүкіл жеңіл өнеркәсіп саласының жағдайы мүжіл халде. Ол тек жұмыс киімдерінің мемлекеттік тапсырысымен ғана өмір сүруде. Сондықтан, спорттық киім нарығында отандық өндірушілердің үлесі 1 пайызға жетер-жетпес. Ал спорттық аяқ киімдер түгелдей сырттан импортталады.

«ZIBROO» тауар белгісімен 15 жылдан бері киім шығарамыз. Жергілікті нарықтан ешқандай қолдауды сезініп отырған жоқпыз. Биік мінбелерден қолдау жасалып жатыр, мемлекеттік тендер беріледі деп айтылғанымен, оның өзіндік қалтарыс, бұлттарысы мың сан қабат. Спорттық киім өндіретін санауды отандық брендтердің қырғыз, өзбек, қытай, орыс, түрік өндірушілерімен бәсекелесуі экономикалық тұрғыдан өте қиын.

Қазақстан халқының салауатты өмір сүру салтын ұстану белсенділігі жыл өткен сайын артып келе жатқанын мойындау керек. Сондықтан, спорттық киім-кешекке сұраныс бар. Тек жергілікті өндірушілерге ишемдік әріптестерімен бәсекелесу өте қиын. Салық айналымы өзгеше. Өзге елдерде мемлекет тарапынан өз өндірушілеріне қолдау шаралары жүйелі түрде жасалады.

ТҮЙТКІЛ

МАСКҮНЕМ АНА, ҚАРАУСЫЗ БАЛА

Ақтөбеде анасы ішімдік ішіп, кішкентай екі сәби қараусыз қалған. Қолайсыз отбасыда тұрып жатқан балалар сәбилер үйіне орналастырылды.



№3 полиция бөлімінің кәметке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлары кезекті рейд барысында кафе-бардың бірінде алкогольдік мас күйінде жүрген жас әйелді байқаған. Онымен әңгімелесу барысында 26 жаста екені және екі кішкентай баласының бар екені белгілі болды. Полиция қызметкерлері әйелді бөлімге жеткізіп, сараптама жүргізді. Тексеру кезінде келіншектің орташа алкогольдік мас күйде екені белгілі болды.

Әйел сол күні алаяқтық жасаған екен. Оны инспекторлармен сөйлескеннен кейін тергеушілерге жауап алу үшін алып кетті. Осыдан кейін полиция аға инспекторы Ботагөз Жалекешева бастаған полиция қызметкерлері әйелдің тұрғылықты мекенжайына барды.

– Бұл үйден қолайсыз отбасында қалыптасқан әдеттегі көріністі көрдік. Үйде жасы 3-ке де толмаған екі кішкентай бала болды. Олардың қасында келіншектің ағасы бар еді. Алайда ол да масаң күйде жүрді. Балаларды шұғыл түрде ауруханаға жеткізу керек болды. Олардың қысқы киімі де жоқ екен. Біз көрішіден ауруханаға баруға уақытша қысқы киімдер сұрап алдық, – дейді Ботагөз Жалекешова.

Дәрігерлер екі балаға «Жедел респираторлы вирусты инфекция» диагнозын қойған. Олардың екеуінің де дене

қызуы көтерілген екен. Полиция балаларды сауығып, ауруханадан шыққаннан кейін «Үміт» сәбилер үйіне орналастырды. Бүгінгі күні қолайсыз отбасының жағдайы туралы материал Ақтөбе қаласы әкімдігінің жанындағы кәметке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қарауына жіберілген. Алайда балаларын іздеудің орнына әйел полициядан шыққаннан кейін мекенжайын жасырып, жоғалып кеткен. Бүгінде полиция көкек ананы іздеп жатыр.

Айта кетелік, қазіргі кезде Ақтөбе облысы бойынша ювеналды полиция есебінде 319 қолайсыз отбасы тұр. Өткен жылы 23 ата-ана полицияның өтініші бойынша ата-ана құқығынан айырылды. Кәметке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияда 668 материал қаралды. Полиция қызметкерлері тұрғындардан жағдайы нашар, балалары зардап шегетін, қаңғыбастыққа салынған немесе үнемі ұрып-соғатын отбасылар туралы көріп-білген жағдайда 102 телефонына дереу қоңырау шалып, хабарласуды сұрайды.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

САРАП

АТА-АНАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАН АЙЫРУ ЖАУАПҚЕРШІЛІКТЕН АЙЫРУ ЕМЕС

Адами құндылықты сақтаудың бір жолы – адам құқығын қорғау. Осы игілікті іске асыруда судьялардың атқаратын міндеті зор. Жауапкершілік пен талап тағы бар. Сырт елге еренсіз естілгенімен адам тағдырын шешуде кәсіби біліктілікті қажет ететін жұмысымыздың бір саласы ата-ана құқықтарынан айыру рәсімі және оның салдары. Негізі ата-ана өз балаларына қамқорлық көрсетпесе, тәрбиелемесе ата-аналық құқығынан айырылуы мүмкін екендігі заңнамада анық жазылған. Нақтылай түссек, ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің 76-бабына сәйкес, ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап қоюы ата-аналардың немесе баланың басқа да заңды өкілдерінің талабымен қойылуы мүмкін.

кінәлілігін сезінетінін-сезінбейтінін және оны жақсы жағына өзгерту ниетінің бар-жоғын анықтау қажет. Заңнамада ата-ана құқықтары шектелу мерзімі белгіленбегендіктен сот ата-ана құқықтарынан айыру мерзімін көрсетпей шешім шығарады.

Азаматтық-процессуалдық кодекстің 48-бабы бойынша қойылған талапты тану жауапкердің құқығы болып есептеледі. АПК-нің 48-бабының екінші бөлігіне сәйкес, егер бұл әрекеттер заңға қайшы келсе немесе өзгелердің құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзса, сот жауапкердің талап қоюын қабылдамайды. Ата-ана құқықтарынан айыру жөнінде қойылған талапты қанағаттандыру туралы соттың шешімі тек жауапкердің қойылған талапты мойындауына ғана негізделмейді. Өйткені, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 75-бабында көзделген негіздер болмаған кезде ата-ананың өз баласына қатысты ата-ана құқығының күшін жою жөніндегі ниеті ата-ана құқықтарынан айыруға негіз болып табылмайды.

Сонымен қатар, осы кодекстің 77-бабының 2-тармағына, 80-бабының 2-тармағына сәйкес ата-ана құқықтарынан айыру немесе оны шектеу ата-ананы өз баласын күтіп-бағу міндеттерінен босатпайды, сондықтан сот ата-ана құқықтарынан айыру немесе оны шектеу туралы істерді қарау барысында талаптың қойылғанына-қойылмағанына қарамастан балаға алимент өндіру туралы шешім шығарады.

Талап қоюшының баланы күтіп-бағу үшін алименттер өндіріп алудан бас тартуы заңға қайшы келеді және баланың құқықтарын бұзады, сондықтан АПК-нің 48-бабының екінші бөлігіне сәйкес сот мұндай бас тартуды қабылдамайды.

Ата-аналық құқықтардан айыру туралы талап қойғанда, талап қоюшылар, баланың ата-анасын құқықтардан айырғанда оларды «Әкесі» немесе «Анасы» деген бағаннан алып тастауды көздейді. Осы жерде айта кететін жағдай, ата-аналық құқықтарынан айыру олардың ата-ана екендігін даулау деген сөз емес. Сондықтан кәмілетке толмаған баланың әкесі ата-аналық құқығынан айырылғанмен «Әкесі» немесе «Анасы» деген бағанда жауапкердің аты-жөні әкесінің аты алынып тасталмайды.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ӘРІПТЕСТІК

Маңғыстау облыстық соты Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетімен 2017 жылдан бері тұрақты қарым-қатынас орнатып, тығыз байланыста жұмыс жасап келеді.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЙДЫ

Жыл сайын соттарда тек осы университеттің өзінен 60 шақты студент бір айлық өндірістік және үш айлық дипломалды тәжірибеден өтеді. Университет пен соттар бірігіп, ғылыми ізденістігі тұлғаларға қолдау көрсету мақсатында облыстық деңгейден бастап, халықаралық деңгейге дейін ғылыми-практикалық, тәжірибелік семинарлар мен конференциялар өткізіп келеді. Судьялар тұрақты түрде оқу жылының барысында студенттерге дәріс оқиды.

Жақында Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Бек Әметов, алқа төрағалары Исатай Сматов, Гүлажар Бақытжанова, Ержан Қарабаев және судья Қазіла Сағындықова Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетіне ыссапармен барды.

Университеттің ректоры Берік Ахметов алдымен кампус тур жасап, ғимаратпен, жетістіктерімен, оқу тәжірибелік құралдарымен жете таныстырды.

Бүгінде университетте 1300 студент оқыса, соның жұртығы, нақты айтқанда 644 студент «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алуға. Мұнда сот залы, медиация кабинеті, зангер академик Салық Зиманов атындағы оқу залы арнайы жабдықталған.

Осыдан соң сот төрағасының студенттермен кездесуі өтті. Онда Бек Әметов студенттер мен өзіннің тәжірибесі, ағалық ақыл-кеңесімен бөлісті.

«Сіздер еліміздің тұтқасын ұстайтын болашақ мамансыздар. Сіздердің білікті

де білімді болуыңыз, іскер әрі бәсекеге қабілетті тұлға боп қалыптасуыңыз әрбіріміз үшін маңызды. Сондықтан да сіздерге барынша қолайлы жағдай жасалып, терең білім алуға мүмкіндік беріледі. Сіздердің тарапыңыздан, Абай ақын айтқандай, «бес асыл» қасиет болса жеткілікті. Соттар да студенттердің оқу процесін сот тәжірибиесінің материалдарымен толықтыру және сот төрелігін жүзеге асыру бағытында ғылыми ізденістеріне қолдау көрсетуге әрқашан дайын. Егер қаласаңыздар, кез келген уақытта ашық сот отырыстарына қатысып, сот қызметкерлері мен судьялардың атқаратын қызметтерін көзбен көрулеріңізге болады», – деді сот төрағасы.

Кездесу барысында бірқатар студент сұрақ қойып, оған жауаптар алса, бірқатары өз пікірлері мен алғыстарын білдірді. Жастармен кездесу соңы тараптардың өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсіміне жалғасты.

Меморандум аясында судьялар оқу үрдісіне және дуалды оқуға, мемлекеттік аттестациялық және емтихан комиссияларына қатысатын болады. Оқу тұлғаның озық әдістері мен технологияларын қолдану мақсатында дуалды оқыту бағдарламасымен студенттерге бірқатар сабақтар сот ғимараттарында өткізіледі. Бұл үшін соттарда өткізілетін сабақ кестелері бекітілді.

Ғайһар НҰРХАНОВА,
Маңғыстау облыстық сотының баспасөз хатшысы



Жанар БЕИМБЕТОВА,
Алматы облысының №2 кәмілетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

жайын көп жағдайда білмейтіндіктен соңғы мекен жайымен қарауды сұрайды.

Ата-аналардың төл міндеттерін орындаудан жалтартуы балаларының моральдық және физикалық тұрғыда өсіп, дамуына, білім алуына теріс ықпал етеді. Алимент төлеуден қасакана бас тартуы өмірлік қиындықтарды тудыратыны анық. Бұл мәселені шешу кезінде, алимент төлемес мерзімінің ұзақтығы мен себептерін ескеру қажет. Алименттер төлеу туралы нотариат куәландырылған келісімнің немесе өндіріп алу туралы сот актісінің негізінде алиментті төлету анықталады. Баса айтатын мәселе алимент төлеушінің кінәсінен берешектің жиналуы, яғни ай сайын алатын жалақысының, өзге де табыстарының мөлшерін, мекенжайын жасырғаны үшін

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 669-бабы, Қылмыстық кодекстің 139-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Алимент төлеуші тарап, егер сот оны ата-аналық құқықтарынан айыраса оны алимент төлеуден де босатады деп ойлап, ата-аналық құқықтарынан, яғни баласынан бас тартып жатады. Мұндай жағдайларда сот ата-аналық құқықтан айыру, ата-аналық міндеттен босатады деген ұғымды білдірмейтіндігін түсіндіреді.

Егер баланы ата-анасымен қалдыру психологиялық тұрғыда кері әсер етіп, нерв жүйесінің бұзылуы немесе өзге де созылмалы ауруы қозып, ауыр жағдайларға душар болу қаупі болса, ата-ана құқықтары шектеледі. Бұл шектеу ата-ананы әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танумен байланыстырмайды. Шектеу туралы мәселені шешу барысында ата-аналар

Ата-аналардың кінәлілігі анықталған жағдайда ғана сот оларды жоғарыда аталған кодекстің 75-бабында көзделген негіздер бойынша ата-ана құқықтарынан айыруы мүмкін.

Судья ата-ананың бірін құқығынан айыру немесе оны шектеу туралы істі сот талқылауына дайындау барысында кәмілетке толмаған баланың құқықтарын қорғау және оны одан әрі тәрбиелеу үшін қажеттіліктерімен қамтамасыз ету, сонымен қатар, баламен бірге тұрмайтын ата-анасының құқықтарын қорғау мақсатында осы ата-анаға сот талқылауының уақыты мен орнын хабарлауға, оның баланы тәрбиелеу үшін өзіне беру туралы талап етуге құқылы екенін түсіндіруге міндетті.

Жауапкердің сотқа қатысуын қамтамасыз ету үшін сот қызметкерлері орасан зор еңбек етеді. Себебі, талап қоюшы жауапкердің мекен-

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесіне қарасты тергеу изоляторына ҚР Парламенті Мәжілісінің және Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, адвокаттар мен ардагерлер келіп, ұсталғандардың жағдайымен танысты.



ТЕРГЕУ ИЗОЛЯТОРЫНА ДЕПУТАТТАР КЕЛДІ

Тергеу изоляторына келген депутаттар мен адвокаттарға Алматы қаласы прокуратураның орынбасары Н. Ауғанбаев пен Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы әділет полковнигі Д. Қанатбеков ЛА-155/18 мекемесінің (тергеу изоляторы) қызметін ұйымдастыру және қаңтар оқиғасы кезінде қамалғандарды тергеп-тексеру тәртібі жайлы ақпарат берді.

Мәжіліс депутаттары тергеу изоляторындағы тексеруден кейін қаңтар оқиғасына қатысты ұсталған 11 күдіктіні жеке қабылдап, өтініштерін тыңдады.

Ұсталғандарды жеке қабылдау кезінде мекемедегі ұстау жағдайларына, оның ішінде азаптауларға қатысты шағымдар болған жоқ.

Г. МАҒЗУМОВА


ПІКІР

ҚАРЖЫЛЫҚ ПИРАМИДА ЖЕҢІЛ ТАБЫС ТӘСІЛІ

Қаржылық пирамида дегеніміз жеңіл табыс тәсілі, күдікті мәміле. Ағымдағы жылдың қаңтарынан бастап қаржы пирамидасына Қазақстанның мыңнан астам азаматы тартылыпты. Олардың алаяқтық схемалары әртүрлі. Алайда, сіз бірақ өзіңізді жалған кәсіпкерлердің әрекеттерінен қорғап, қаржылық ресурстарыңызды сақтай аласыз. Оның жолдары мынадай, сіз ол мекеменің тіркеуін ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтындағы «Салық төлеушілерді іздеу» сервисі арқылы тексеріңіз. Бұдан басқа, «Микроқаржы қызметі туралы» заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға ниеті бар заңды тұлға ол «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында микро қаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард ретінде мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап алты ай ішінде есептік тіркелуге жатады.

Ішкі істер министрлігінің деректері бойынша 2021 жылдың басынан бері қаржы пирамидалары туралы 330 қылмыстық іс тергелген, оның жартысынан астамы сотқа берілді. 19 мыңнан астам адам зардап шегушілер қатарында, оларға келген зиян бірнеше млрд теңгені құрайды.

Ақтөбе қаласының №2 сотының өндірісіне ағымдағы жылғы ҚР ҚК-нің 217-бабы бойынша қаржылық (инвестициялық) пирамиданы құру және оған басшылық ету жөнінде бірнеше қылмыстық істер түсіп, қаралуда. Солардың бірі, өңірдегі ЖШС-нің құрылтайшысы, ол ҚР ҚК-нің 217-бабының 3-бөлімінің 2-тармағымен көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәлі деп танылып, 7 жыл мерзімге коммерциялық



Қ.ЕСЕНҒАЗЫ,
Ақтөбе қаласы №2 сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы

ұйымдарда басшылық лауазымды атқару құқығынан айыра отырып, 6 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға кесілген. 2020 жылдың қаңтар айынан бастап 2020 жылдың ақпан айына дейін сотталған азаматтың қаржы пирамидасын басқарып, ЖШС-ың заңсыз қызметін жүзеге асырғаны, жалған шарт жасап, жоғары сыйақыға кепілдік бергені анықталды. Қылмыстық іс-әрекеттердің нәтижесінде, жәбірленушілерге 71 550 000 көлемінде материалдық залал келтіріліп, залал жәбірленушілердің пайдасына өндірілген. Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» ҚР заңы 2021 жылдың 7 желтоқсанында жарияланды. Оған сәйкес, бұл заң ҚК-нің 217-бабымен сотталған тұлғаларға қолданылмайды.

«Ғалия!» деп қыстыға шыққан өз даусынан Ғайша шошып оянд...

Мына үйде жалғыз қалуға қорыққан ол қызы келгенше Соңяны құмай тұра тұруға бекінді...

– Жаңағы Соня дегенің кім? Қазақтан құрбы табылмады ма? Өзі темекі шегетін сияқты...

– Адамды сыртына қарап бағалайтындырыңызы-ай. Ол өте жақсы қыз...

қос қызды құшақтап, қайта-қайта сүйіп қоштасты.

Жайсыз хабар

Ортасынан ауған қазанның таңы. Тау баурайындағы шағын ауылдың тіршілігі енді басталып жатыр...

лі қайда кеткенін білмейтінін айтып ағынан жарылды. Жарты айдан бері екеуі екі бөлек кафеде істеп жүр екен...

Алдымен Соңяның айтуы бойынша Ғалия жұмыс істеп жүрген кафеде барды. Ондағылар Ғалияның бір-ақ күн жұмыс істеп, сол күніне тиесілі еңбе...

– Ғалияға келіп жүрген осы жігіт, аты – Талғат. Ал мына кісі біздің мамымыз...

Жасы 25-гер шамасындағы жігіт алғашқыда қатты қысылып қалды. Беті ду етіп шыға келді...

– Амансың ба, балам? Не үшін ренжісіп едіңдер? Ғалия не үшін өкпеледі? – деп онсыз да абдырап...

– Кездескенімізге аз уақыт болса да, маған тұрмысқа шықшы деп сөз салдым. Үйде 60-қа таяған анам бар...

– Көлігінде жатқан ақ орамал Ғалиянікі ғой? Ол мұнда қайдан жүр? – деді ана байқус күдігін жасыра алмай...

– Алдында Ғалияның ананмен таныстыруға апарғам, сол кезде басына тағып келіп еді...

Ғайша бейшара күйде еді. Ақ орамалға бір, Талғатқа бір қарап, Соңяны ертіп кете берді...

Сабылыс

Бірақ Ғалия сол күйі келмеді. Ол жоғалғалы 23 жыл өтті. Туыскандары не өлі, не тірісінен бейхабар...

Данияр БОЛЫСБЕКҰЛЫ

(Жалғасы бар)



КҮШІК

біраздан бері бірге тұрып келе жатыр деп топшылады. Алайда, мамыр бітпей ауылға келген Қуаныш орыс қызы тура...

Жаңа өмір

Сағат 3-тер шамасында Ғалия да келді. Қызын көргенде шешесі шок басқандай ыршып түсті...

– Айналайын-ау, Ғалиямысың? Түріңе не болған? Мына киімнің не? Ауылдың адамдары көрсен дейді?

– Мам, жыламашы, шашта тұрған не бар? Бұл – мода. Киімім де ел қатарлы. Қазіргі заманның киім үлгісі осындай...

Қызын сағынған ана да бар мейіріммен, махаббатымен айналып-толғанып жатыр. Студент қызының сымбаттанып, ажарлана түскенін енді байқалды...

Жатақхананы жазда ремонтқа жауып тастағандықтан, менің қасымда тұрып жатыр еді. Қуаныш ауылға қайтқалы мен де қорқып, жанымна Соңяны шақырып алдым...

Соңяның жетім екенін естігеннен кейін-ақ Ғайша жібіп сала берді. Жетімге жәрдем көрсетіп жүрген Ғалияны құшақтап алып, бет-аузынан тамтық қалдырмай сүйіп шықты...

Базарлық

Сол жолы Ғайша қалада бір аптадан аса жатты. Күнұзақ ауруханаларға қаралып, кешкісін қыздармен сықылықтай отырып сырласатын...

Қыздары қаладағы кафелердің бірінде даяшы боп жұмыс істейді. Ол кафені Ғайшаның өзі де барып көрді. Табыстары жаман емес екен...

– Енді сізді папам танымай қалатын болды ғой, – деп сықылықтап күлді.

– Танымаса, танытармын, – деп Ғайша да мез болып қалды.

– Бір айдан соң папамды да жіберіңіз. Қысқа дұрыстап киініп кетсін. Кішкентайларға да мол етіп базарлық беріп жіберемін.

– Айналайын, өз керек-жарақтарыңды түгендеңдер. Оқуды дұрыстап оқыңдар. Бізге алаңдамаңдар, – деп,

са да, арагідік үйлерден түтін шығып көкке сіңуде. Мал өріске айдалып, енді оқушылар мектепке жиналып жатқан шақ...

– Алло, Қуантай, тыныштық па? Алло?

– Мама, алло. Ғалия ауылда ма? – Ғалия?! Жоқ, ол келген жоқ.

– Сені жалғыз тастап кетпейді ғой, құлыным.

– Иә. Кешелі бері Ғалия үйге келген жоқ. Аяқ асты ауылға кетіп қалды ма деп ойлады.

– Қайда кетіп еді? – Жұмысына кеткен. Мүмкін үлкен қалаға кеткен шығар? Әлде шетелге оқуға кетіп қалды ма? Мама?

– Қасыңда кім бар, балам? – Соңя әпке бар.

– Телефонды берші Соңяға.

– Қазір. Мамам сенімен сөйлесем дейді.

– Соня, айналайын, Ғалия қайда? – Сәлеметсіз бе, апай. Кеше жұмыстан соң үйге оралмады. Түнімен күттік.

Хабар жоқ. Қайдан іздерімізді де, кімнен сұраармызды да білмей отырмыз.

– Ойбай, не дейді? Қазір киіне салып жетем қалаға. Сен Қуаныштың қасында бол, Соня.

– Жарайды...

Телефонды қоя сала, Ғайша қайтадан үйге ұшты. Киініп, буынып-түйініп жолға шықты. Ауылдағы балалардың үлкені Әлиханға «Ғалия ауырып қалды. Мен тез барып келем» деп айтып кетті.

Ақ орамал

Қалаға келе сала Соңядан мән-жайды білмек болған. Екі көзі тас төбесіне шыққан қыз құрбысының ұшты-күйі...

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: Name and Contact Info. Includes Нұр-Сұлтан, Алматы облысы, Ақтөбе облысы, Маңғыстау облысы, Қызылорда облысы, Түркістан облысы, Батыс Қазақстан облысы.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanklamenta@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 8019 дана Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №18 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31